

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 9 маусымдағы № 81 шешімі. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 25 шілдедегі № 109 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылдық округі әкімінің 25.07.2022 № 109 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысы міндетін уақытша атқарушысының 2022 жылғы 03 маусымдағы № 08-02-03/387 ұсынысы негізінде және жұқпалы аурулардың ошақтарын жою мақсатында ШЕШТІМ:

1. Варроатоз ауруы ошағы анықталуына байланысты, Манкент ауылдық округі, 183 орамда орналасқан "Нартай" ара шаруашылығы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Манкент ауылдық округінің әкімі

А.Сайтмуратов